



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

является лицензированным профессионалом, участником рынка ценных бумаг и не должен быть аффилирован самим обществом.[10]

Введено и законодательно закреплено было понятие корпоративных споров Законом от 5 июля 2008 года. К этим спорам относились споры между организациями, между юридическим лицом и его участниками, по поводу реорганизации или ликвидации юридического лица, по поводу оспаривания его решений. Законом 11 января 2011 года концепция корпоративных споров была усовершенствована и расширена касательно самих участников, а так же перечня допустимых споров. Законодательное введение понятия корпоративных споров обуславливалось необходимостью повышения прозрачности, а так же для обеспечения защиты и охраны прав участников. Основанием для этого послужила необходимость создания и предупреждения рейдерских захватов бизнеса, которые согласно законодательству Республики Казахстан являются уголовным преступлением.

Совершенствование казахстанского законодательства продолжается, актуальными остаются еще множество вопросов, поскольку рынок активно развивается и его необходимо контролировать на законодательном уровне. По мнению профессора А.Л. Маяковского все пробелы в корпоративном законодательстве, которые образовались за период вхождения в состав Советского Союза можно легко восполнить, и при этом необходимо опираться на опыт зарубежных стран, рыночная экономика которых находится на развитом уровне.[11]

Список использованной литературы:

- 1.С. Адилова «К вопросу о развитии корпоративного права РК:Анализ» Статья, Фемида-2013 №1(205) с.15
2. М.К. Сулейменов «предпринимательский кодекс: улучшение законодательной системы или ее развал?» Журнал «Юрист» 2011 г.
3. Д.М. Генкин «советское гражданское право» с.29
4. Т.В. Кашанина «Корпоративное право (Право хозяйственных товариществ)», 1999г., с.19
5. Карагусов Ф.С. «О текущем состоянии и основных аспектах совершенствования корпоративного законодательства РК» Предупреждение преступности-2013 №1-2(45-46) с.19
6. М.К. Сулейменов «Становление и развитие гражданского законодательства Республики Казахстан» с.248
7. Закон РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам банковской деятельности» от 11 июля 1997 года
8. Закон РК «О внесении изменений и дополнений в Гражданский кодекс Республики Казахстан от 2 марта 1998 года
9. Закон Республики Казахстан «Об акционерных обществах» от 10 июля 1998 года
10. Закон РК «Об акционерных обществах» от 13 мая 2003 года
11. А.Л. Маяковский «Некоторые оценки оказания помощи при разработке законодательства и состояния международного сотрудничества» с.693

ӨОЖ 342.8

САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ

Алиасқаров Амир

Aliaskarov_98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Құқықтану» мамандығының 1-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші – Б.Ө. Алтынбасов

Қазақстан Республикасының Конституциясының негізінде Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға

сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар (33-бап). «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Конституциялық заңымен (ары қарай - Заң) Республика Президентінің, Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі, мәслихаттары депутаттарының және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу кезінде пайда болатын қатынастар реттеледі, сондай-ақ Республика азаматтарының ерік білдіру бостандығын қамтамасыз ететін кепілдіктері белгіленеді.

Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі деп Қазақстан республикасының Конституциясында Және Президенттің “Қазақстан Республикасының сайлау туралы” Конституциялық күші бар Жарлығында көзделгендей, Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Парламенттің Мәжілісі мен Сенат депутаттарын, мәслихат депутаттарын Қазақстан Республикасының азаматтары тікелей де, сондай-ақ жанама да сайлау тәртібі түсініледі [1.459 бет].

Аталған сипаттағы “сайлау құқығы” ұғымы конституциялық құқықтың аса маңызды институты ретінде пайдаланады. Сонымен қатар “сайлау құқығы” ұғымы кәметке жеткен Қазақстан Республикасының азаматтарының субъективті сайлау құқығы мағынасында қолданылады.

Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі мен сайлау құқығы егемендіктің бір көрінісі болып табылады, өйткені оларды пайдалана отырып, азаматтар мемлекеттің жоғарғы өкілді органдарын қалыптастырады [1.460 бет].

Сайлау құқығының түсінігіне келетін болсақ, ол дауыс беру жолымен жүзеге асырылады. Сайлау қоғамның түрлі деңгейлерінде жүргізіледі: қоғамдық ұйымдарда олардың басшысы сайланады, акционерлік қоғамда - басқарма және т.б. сайланады [2.232 бет].

Конституциялық құқық жария биліктің маңызды органдары мен лауазымды тұлғаларын – мемлекетті, федерация субъектілерін, аумақтық автономияларды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауды реттейді.

Жария билік жүйесіндегі сайлау бірдей сипатқа ие емес. Көптеген органлар мен лауазымды тұлғаларды азаматтар тікелей сайлайды (төте сайлау), ал басым бөлігін өзге органдар сайлайды (жанама сайлау). Жария биліктің алқалы органдары мен лауазымды тұлғаларының сайлауы жалпыға ортақ және аймақтық, төте, жанама және көпдәрежелі, толық және ішінара, кезекті және кезектен тыс, бала-малы және баламасыз және т.б. болады. Сайлау - жария билікті заңдастыруын аса маңызды құралы.

Жоғарыда айтып кеткендей сайлаудың негізгі қандалары конституцияларда бекітіледі, оған қоса сайлау кодекстерімен, парламентті, президентті және т.б. сайлау туралы заңмен әлдеқайда жете реттеледі. Кейбір мәселелер мемлекет басшысының және үкіметтің актілерімен, орталық сайлау комиссияларының нұсқаулықтарымен, саяси автономия актілерімен, муниципалдық құрылымдардың жарғыларымен реттеледі.

Сайлау құқығының түсінігі сайлау, сонымен қатар кері шақырып алу, референдум, халықтың заң шығарушылық бастамасы институттары үшін маңызды санат болып табылады. Сайлау құқығына ие тұлғалар ғана сайлауға қатысалады [2.233 бет].

Демократиялық мемлекеттің маңызды белгісі-оның азаматтарының лауазымды адамдар мен мемлекеттік билік органдарын, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға еркін дауыс беру арқылы қатысуы болып табылады.

Ресей Федерациясы Конституциясының 3-бабына сәйкес референдум мен еркін сайлаулар халық билігінің жоғары көрінісі болып саналады. Ал Өзбекстан Республикасы Конституциясының 10-бабында: “Өзбекстан халқы атынан тек Ұлы Мәжіліс пен Республика Президенті ғана сөйлей алады”-деп жазылған. Эстония Республикасы Конституциясының 56-бабында бұл елдегі жоғарғы мемлекеттік билікті халықтың өзі дауыс беруге құқылы азаматтары арқылы:

- 1) Мемлекеттік жиналысқа сайлау жолымен;
- 2) Референдум жолымен (жалпыхалықтық дауыс беру) жүзеге асыратыны жазылған.

Көп елдердің саяси өмірінде сайлау рөлі мен мағынасы бірдей еместігі белгілі. Сайлаудың төте және төте емес (жанама) түрлері болады. Төте емес сайлауда (жанама сайлау деп те

аталады) сайлаушылар белгілі бір кандидаттарға дауыс бермейді, тек оны іріктеушілерге дауыс береді, мысалы АҚШ президентіне, Финляндия президентіне, Эстония президентіне Төте сайлауда сайлаушылар кандидаттар үшін тең құқықта, тікелей дауыс беруге қатысады [3.61 бет].

Әлемдік қоғамдастықтың кейбір елдерінің сайлау жүйесін қарастыра отырып, замандық талаптарға сай мемлекеттік органдар мен мемлекеттік лауазымды тұлғаларды сайлау жалпылама (мемлекеттің барлық аймағында) және аймақтық; тура (халық тікелей кандидаттарға дауыс береді), жанама және көпдәрежелі; толық және жекелеген (қосымша); кезекті (берілген мерзімінде) және кезектен тыс, қайталау (егер сайлау өткізілмегені мойындалса), альтернативті және альтернативті емес (егер қарсылас үміткерлер болмаса), т.с.с. Сайлау шектелімінің пассивтік сайлау құқығы активтік құқыққа қарағанда қатаң. Мысалы, Канада жерінде Сенат қатарына тек жылжымалы мүлкі бар адам ғана жатады, ал Ұлыбритания жерінде Сенат қатарына ену үшін біршама қонымды ақша төлеуге керек. Сайлау шектелімі парламенттің жоғары палатасына үлкен кішілігіне қарай, яғни онда екі палаталығына байланысты, әсіресе жоғары: АҚШ та және Жапония елдерінде — 30 жас, Францияда — 35, Бельгия және Испанияда — 40 жас. Бірақ та айта кететін бір жайт, демократиялық әлемде шектелімді айналып өту мүмкін емес, себебі ол сайлаушылар контингентін ұлғайтады. Мысалы, 1830 жылы Англияда соңғы жылдары 4% ғана орта жастағы адамдар сайланса, ал Францияда — кем дегенде 2%, ал 1848 жылы Францияда тарихта бірінші болып жалпы сайлауға қатысу құқығы тек қана ересек еркектерге ғана тән еді, себебі 1914 жылы олар көптеген Оңтүстік мемлекеттердің беделіне иеленді.

Әйел адамдар ең алғашқы рет сайлау құқығын 1893 жылы Жаңа Зеландия жерінде иеленді. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін суфражизм (әйел адамдарға ерлер тәрізді тең дәрежелі сайлауға құқық берілу қозғалысы) ең алғашқы жеңісті Ескі және Жаңа бейнеде көрсете білді (Швейцарияда, 1971 ж., ал Лихтенштейнде — в 1986 ж.). 70-ші жылдары өркениетті дамыған елдерде сайлауға шектеу 18 жасқа төмендеді. Сайлау құқығы жалпы мағынада жалпыхалықтық болып табылды. Осы әлемдік беталысқа қарсы шығу кезінде жас мемлекеттердің тұрғындарының 40% құрайтын, орыс тілді тұрғындарының сайлауға қатысудан шығарып тастау міндеттелгендердің Латвия мен Эстонияда цензілі шегі болады [4].

Көптеген жағдайларда конституциялардың сайлау құқығының төрт қағидасы аталады: құпия даус бергендегі жалпыға ортақ, тең, төте сайлау. Кейбір кездерде еркін сайлау, яғни сайланушыларға заңсыз қысым жасауды болдырмау қағидасы, сайлаудың (сайлауға қатысудың) еріктілігі қағидасы балама сайлау қағидасы (бір орынға бір үміткер емес, бәсекелес үміткерлер қосылады) қосылады. Бұл қағидалар барлық жерде әрекет ете бермейді.

Жалпыға ортақ сайлау құқығы елдің барлық тұрғындарының сайлауға қатыса алатынын білдіреді. Әдетте сайлау өткізіліп жатқан елде тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар сайлау құқықтарын иеленбейді. Егер тұлғалардың бұл санаты осы елдің аумағында белгілі бір уақыт ішінде тұрып жатпаса (мысалы Нидерландыда, Данияда, Швецияда бес жыл), ЕО елдерінің азаматтары болып табылса және салықтарды төлкіп жатса (Венгрия, Испания, Финляндия), жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауға қатыса алады және осы органдарға сайлануы мүмкін. Ұлыбританияда сайлауға ұзақ уақыт тұрып жатқан Британ достастығына мүше-мемлекеттердің және Ирландия Рес-публикасының азаматтары қатыса алады. Латын Америкасының бірқатар елдерінде, Жаңа Зеландия жетелдіктер халықаралық келісімдер бойынша және өзара келісімінің негізінде сайлауға қатыса алады [2.235 бет].

Мемлекеттің барлық азаматтары сайлау құқығына иелене бермейді. Сайлауға сайлау жасына толмаған, жүйке ауруына шалдыққан азаматтар (бұл соттың шешімімен танылуы тиіс) қатыспайды. Тіпті демократиялық елдерде де әйел адамдар ұзақ уақыт бой сайлау құқықтарын иеленбеді [2.236 бет].

Сайлауға қатысудың өзіндік цензі болады. Сонымен қатар сайлау құқығын отырықшылдық цензі шектейді.

Көптеген елдерде дауыс беруге қатысу үшін — белсенді сайлау құқығына иелену үшін сайлау күні 18 жасқа толуы талап етіледі. Кейбір кездерде төмендетілген жас белгіленеді

(Бразилияда, Кубада, Иранда, Никарагуада – 16 жас, ҚХДР-да – 17 жас), ал кейбір кездерде, керісінше, жағарлатылған жас белгіленеді (Мароккода, Жапонияда – 20 жас, Литвада – 21 жас). Сирек жағдайларда бәсең сайлау құқығы мен белсенді сайлау құқығы бірдей жастан басталады (Германияда 18 жас), бірақ бәсең сайлау құқығын иелену жасы жоғары болады, бұл мемлекеттік істерді шешуге байланысты өмірлік тәжірибенің қажеттігімен байланысты [2.237 бет].

Қазақстан Республикасында белсенді сайлау құқығы – ол Республиканың 18 жасқа толғаназаматының сайлауда даус беруге қатысу құқығы.

Ал бәсең сайлау құқығы – ол Конституцияда белгіленген шектеумен Қазақстан Республикасының азаматтарының Қазақстан Республикасы Президенті, Қазақстан Республикасының Парламентінің, маслихатының депутаты немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығы (ҚР 2017 жылғы жылғы Конституцияның өзгертулер мен толықтыруларына байланысты өзгерді). Әлбетте, бәсең сайлау құқығы белсенді сайлау құқығынан ерекшеленеді. Бәсең сайлау құқығы кезінде азамат сайлануға жататын субъект болып табылады. Бәсеңдіктің мәні мынада, ол Сайламайды (дауыс беру құқығынан айырылмаса да), оны сайлайды [1.461 бет].

Қазақстанда сайлаулар осы қағидаларға сәйкес өткізіледі. Сайлау құқығының қағидалары:

1. Жалпыға бірдей сайлау құқығы, яғни 18 жасқа толған азаматтардың тегіне, нәсіліне, лауазымына, мүлктік жағдайына,

жынысына, ұлтына, т.б. қарамастан сайлауға қатысу құқығы. Сайлауға іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар қатыспайды. Сонымен қоса, сайлау құқығын Қазақстанда тұрып

жатқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар да иеленбейді.

2. Тең сайлау құқығы – сайлаушылардың сайлауларға тең негіздерде қатысуы әрі олардың әрқайсысының бір немесе тең дауыс санына ие болуы. Тең сайлау құқығының мазмұны екі элементті қамтиды:

а) сайлаушылардың сайлауға тең негізде қатысуы;

б) сайлаушылардың әрқайсысының бір немесе тең дауыс

санына ие болуы. Бірінші элемент сайлауға ақатысуға құқылы барлық азаматтардың сайлаушы ретінде де және кандидат ретінде де теңдей құқықтар мен теңдей міндеттерге ие болатынын білдіреді.

Екінші элемент әрбір сайлаушының Республика Президентін, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламенті Мәжілісінің депутаттарын және мәслихаттарының депутаттарын сайлау кезінде бір сайлау бюллетеніне тиісінше бір дауысқа, Республиканың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде тең дауыс санына ие болатынын және әрбір сайлаушының дауысының басқа сайлаушының дауысына тең болатынын, яғни сайлаушылар арасында қандай да бір басымдықтардың болмайтындығын білдіреді. Тең сайлау құқығы бұған қоса сайлау округтерінің теңдігі талабын да қамтиды, яғни сайлау округтеріндегі сайлаушылардың саны шамамен тең болуы тиіс. Демек, тең сайлау құқығы – бұл сайлау қорытындысына әсер ету мен заң талаптарына сәйкес сайланудың сайлаушы үшін заңмен белгіленген теңдей мүмкіндіктері.

Сайлай науқанын қаржыландыру. Үміткер немесе партия сайлау науқанын жүргізу үшін сайлау қорын қалыптастырады. Заңдарда қордың шекті мөлшерлері белгіленеді. Мысалы, Израильде үміткер өзінің сайлау науқанына 830 мың шекель (шамамен 200 мың АҚШ доллары) сомасынан артық қаржы жинай алмайды. Сайлау барысындағы шығындары тек сайлау қорын жабуға болады. Сайлау барысындағы шығындарды тек сайлау қорынан жабуға болады. Заңды бір жекк немесе заңды тұлға беретін қайырымдылық сомасының ең жоғарғы көлемі белгіленеді. Қаржы көздерінің заңмен рұқсат етілген және рұқсат етілмеген тізімі белгіленеді. Жеке тұлғалар белгілі бір ұлттық, яғни феодалдық деңгейде әрекет ететін партияны қолдайтын саяси комитет үшін жылына 20 мың доллардан артық қайырымдылық көмегін бере алмайды. Ал партия комитеттер, өз кезегінде, бір сайлауда бір үміткерге 5 мың доллардан артық қаржы жұмсай алмайды. Ірі қайырымдылық көмектерінің жариялылығы көзделеді, Ұлыбританияда үміткерлер әрбір ірі қайырымдылық көмегі бойынша оны кімнен алғаны және оғалай

пайдаланғаны туралы есеп беруге міндетті. АҚШ-та ірі қайырымдылық көмек жасаған тұлғалардың тізімі жасалуы тиіс [2.254 бет].

ҚР-да сайлауды мемлекеттік қаржыландыру. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын қоспағанда, Президенттің, Парламент, мәслихаттар депутаттарының, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауы республикалық бюджет қаражатынан жергілікті атқарушы органдардың осы мақсаттарға арнап ашылған шоттары арқылы қаржыландырылады. Бұл шоттарға республикалық бюджеттен түсетін бюджет қаражатына иелік етуді аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады. Қаржыландыру тәртібі Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленеді. Республикалық бюджет қаражатынан:

1) сайлау комиссияларын ұйымдастыру мен оның қызметіне, үй-жайды жалға алуға, іссапар шығыстарына, консультанттарға, сарапшыларға, лингвистикалық комиссияның мүшелеріне, электронды сайлау жүйелерінің пайдаланылуын қамтамасыз ететін мамандарға еңбек ақы төлеуге;

2) осы Конституциялық заңның 28-бабының 3-тармағына сәйкес партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөздеріне;

3) осы Конституциялық заңның 28-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес жүргізілетін кандидаттардың сайлау алдындағы көпшілік шараларын өткізуге, партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа кандидаттардың үгіт материалдарын шығаруға

4) партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа кандидаттардың Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мөлшерде көлікке;

5) сайлау комиссиясының үй-жайы мен дауыс беруге арналған үй-жайда орналастырылатын Президенттікке, Парламент Сенатының және мәслихаттардың депутаттығына, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттар туралы, сондай-ақ партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар туралы ақпараттық плакаттарды дайындауға жұмсаған шығындары жабылады.

Президентті, Парламент, мәслихаттар депутаттарын, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезіндегі сайлау іс-шараларын қаржыландыруды Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

Сайлау комиссияларының төрағалары ақшалай қаражатқа иелік етеді және қаржы құжаттарының сайлау комиссияларының қаржы мәселелері жөніндегі шешімдеріне сай келуі үшін жауап береді. [5].

Дүние жүзінде сайлау жүйесінің негізгі үш түрі бар: Мажоритарлық, Тепе-теңдік (пропорциялық) және Аралас.

Мажоритарлық (мажор – көтеріңкі, көңілді деген француз сөзі) деп, дауыс беру нәтижелерін берілген дауыстың көпшілікті принципмен анықтайтын сайлау жүйесін айтады. Өз кезегінде, мажоритарлық жүйе төмендегі екі түрге: берілген дауыстардың абсолютті басымдылығына және берілген дауыстардың салыстырмалы (относительно) басымдылығына бөлінеді.

Абсолютті басымдылық жүйесінде сайлаушылардың 50 проценттен (50% +1) басымы дауыс бергенде кандидат сайланды деп есептеледі жылдан бері мұндай жүйе Францияда бар. Ал, салыстырмалы басымдылық жүйесінде басқа кандидаттардың бәріне қарағанда көп дауыс алу мүмкіндігіне орай жеңген кандидат сайланады. Мұндай жүйе өте көп таралған әрі көп қолданылады. Мысал ретінде АҚШ, Ресей, Индия, Ұлыбритания, Өзбекстан, т.б. көптеген елдерді атауға болады.

Тепе-теңдік (пропорциялық) сайлау жүйесінің мажоритарлық сайлау жүйесінен айырмашылығы бар. Яғни, тепе-теңдік сайлау жүйесі басымдылық принципіне емес, қайта алынған дауыстар мен жеңіп алынған мандаттардың тепе-теңдік принципіне сүйене жасалады. Тепе-теңдік (пропорциялық) сайлау жүйесінің мажоритарлық сайлау жүйесінен айырмашылығы бар. Яғни, тепе-теңдік сайлау жүйесі басымдылық принципіне емес, қайта алынған дауыстар мен жеңіп алынған мандаттардың тепе-теңдік принципіне сүйене жасалады.

Тепе-теңдік жүйе толық (яғни, сайлау округі болып бүкіл ел саналса) және шектеулі (яғни, елдің аумағында бірнеше округтер құрылған болса) болуы мүмкін. Тепе-теңдік жүйе бойынша Жапония, Бельгия, Италия, Норвегия, ФРГ, Швейцария және т.б. елдер сайлау өткізеді. Тепе-теңдік жүйе толық (яғни, сайлау округі болып бүкіл ел саналса) және шектеулі (яғни, елдің аумағында бірнеше округтер құрылған болса) болуы мүмкін. Тепе-теңдік жүйе бойынша Жапония, Бельгия, Италия, Норвегия, ФРГ, Швейцария және т.б. елдер сайлау өткізеді. Тепе-теңдік жүйеде әрбір саяси партия сайланатын орынға өзі кандидаттарының тізімін ұсынады, ал сайлаушылар, әдетте, бұл тізімге тұтастай дауыс береді. Тепе-теңдік жүйеде әрбір саяси партия сайланатын орынға өзі кандидаттарының тізімін ұсынады, ал сайлаушылар, әдетте, бұл тізімге тұтастай дауыс береді.

Аралас жүйе деп парламенттің бір бөлігін мажоритарлық жүйемен, бір бөлігін партиялық тізіммен (тепе-теңдік жүйемен) жүзеге асыруды айтады. Аралас жүйе деп парламенттің бір бөлігін мажоритарлық жүйемен, бір бөлігін партиялық тізіммен (тепе-теңдік жүйемен) жүзеге асыруды айтады. Аралас жүйе, мысалы, Герман Бундестагына сайлауда ФРГ-де қолданылады жылы 16 қазанда Бундестагтың кезекті сайлауында депутаттардың жартысы Аралас жүйе, мысалы, Герман Бундестагына сайлауда ФРГ-де қолданылады жылы 16 қазанда Бундестагтың кезекті сайлауында депутаттардың жартысы (барлық депутаттар - 656) бірмандатты округтер бойынша көпшілікке бағынышты мажоритарлық жүйемен, ал екінші жартысы-тепе-теңдік жүйемен (саяси партиялардың тізімі бойынша) сайланды (барлық депутаттар - 656) бірмандатты округтер бойынша көпшілікке бағынышты мажоритарлық жүйемен, ал екінші жартысы-тепе-теңдік жүйемен (саяси партиялардың тізімі бойынша) сайланды [1.67-70 бет].

Сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіру қажеттігін де талқылау міндет. Орталық сайлау комиссиясына сайлау процесін құқықтық қамтамасыз етудегі кемшіліктерге байыпты талдау жасауды тапсырамын. 2005 жыл ішінде Орталық сайлау комиссиясы халықаралық стандарттар мен қоғамымыздың даму деңгейіне толық сай келетін, сайлау тетіктерін сапалық жағынан жақсарту жөнінде тиісті ұсыныстар әзірлеп, енгізуге тиіс. Мен тек осындай тұрғыда ғана барлық азаматтардың еркін әрі кепілді ерік-ниетін білдіруін қамтамасыз ететін дәйекті бағытты жүзеге асыруға болады деп білемін [6].

Қазақстан КСРО құрамында болған кездегі партиялық – кеңестік саяси жүйедегі жалған сайлауларға қарағанда, Қазақстан Республикасындағы сайлауларда бәсекелестік пен баламалыққа негізделген демократиялық ілгерілеушілік байқалады.

Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі әлі дамуда. Болашақта сайлау әрі дамып, демократияланған мемлекетке сай болатынына сенімдіміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы\ 1995 ж 30 тамыз, өзгертулер мен толықтырулар 10.03.2017
2. Қопабаев Ө.Қ. Шетелдердің Конституциялық Құқығы. Алматы “Жеті жарғы” 1998;
3. Чиркин В.Е. Конституционное право зарубежных стран. НОРМА ИНФРА-М Москва, 2010;
4. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық Құқығы. Алматы “Жеті жарғы”, 2013;
5. Бегімтаев Ә.И. Саяси ғылымдарының кандидатығылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының АВТОРЕФЕРАТЫ. Жұмыс С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті әлеуметтану және саясаттану кафедрасында орындалды. Қазақстан Республикасы, 2010;
6. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы, өзгерту мен толықтырулар 2009.02.09.;
7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында. Қазақстан халқына жолдауы. // Егемен Қазақстан. – 2005. – 19 ақпан.